



010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттары

2023 жылғы 8 қарашадағы
№ ДС-410 депутаттық сауалға

Құрметті депутаттар!

Сіздің жер қойнауын пайдалану саласындағы өзекті мәселелерге қатысты сұрауыңызды қарап, мынаны хабарлаймын.

Орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың құзыретін нақтылауға, жер қойнауын пайдаланушыларды тексеру нәтижесінде бұзушылықтар анықталған жағдайда бірыңғай іс-қимыл алгоритмін әзірлеуге қатысты

Жер қойнауын пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылау функцияларын Өнеркәсіп және құрылыс, Энергетика министрліктері және жергілікті атқарушы органдар өз құзыреттері шеңберінде жүзеге асырады.

Сондай-ақ, ішкі істер органдарының міндеттеріне пайдалы қазбаларды өз бетінше өндірумен айналысатын адамдарды, егер бұл әрекеттер елеулі залал келтірсе, қылмыстық жауапкершілікке тарту кіреді, ал прокуратура органдары жер қойнауын пайдалану саласындағы заңдылықтың сақталуын қадағалауды жүзеге асырады.

Өңірлік инспекциялар бар жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті органның аумақтық органдарының құзыретіне қатты пайдалы қазбаларды барлау мен өндіруге мемлекеттік бақылау жүргізу үшін өкілеттіктерді қайтаруға қатысты

Ү.ж. 14 наурызда жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті органның ережесіне қатты пайдалы қазбаларды барлау және өндіру бойынша мемлекеттік бақылау жүргізу жөніндегі функция енгізілді. Тиісті мемлекеттік бақылауды оның өңірлік инспекциялары жүзеге асырады.

Мемлекеттік жер қойнауының қорын басқару бағдарламасына (бұдан әрі – МЖҚҚББ) енгізілетін жер қойнауын пайдалану объектілерінің тізбесін уәкілетті органның жергілікті атқарушы органмен алдын ала келісуін жүргізуге қатысты

«Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Кодекстің (бұдан әрі – Кодекс) 60-бабына сәйкес құзыретті орган МЖҚҚББ бекітеді. Бұл ретте бүгінде жер қойнауын пайдалану үшін қолжетімді елдің барлық аумағы ашық және ПУГФН-ға енгізілгенін атап өту қажет.

Осылайша, МЖҚҚББ-ны техникалық түзету бойынша жұмыстар негізінен жүзеге асырылады (*жер қойнауын пайдалану құқығын тоқтату, келісімшарттық аумақтардың шекараларын өзгерту, Кодекстің 25-бабында көрсетілген аумақтардың шекараларын өзгерту, ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың шекараларын өзгерту және т.б. негізінде*) және осыған байланысты оны жергілікті атқарушы органмен келісу қажеттілігінің жоқтығын атап өтеміз.

Бақылауды күшейтуді қамтамасыз етуге және жер қойнауын пайдалану саласындағы қылмыстық, экологиялық құқық бұзушылықтардың алдын алу жөнінде шаралар қабылдауға қатысты

Кодекстің 25 - бабы 1-тармағының 2-тармақшасына сәйкес елді мекендер жерлерінің аумағында және оларға іргелес аумақтарда бір мың метр қашықтықта жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге тыйым салынады.

Экологиялық заңнамаға сәйкес қатты пайдалы қазбаларды барлау және өндіру, сондай-ақ тиісті лицензия беру үшін қажетті рұқсат беру және өзге де құжаттамалардың тізбесі айқындалған.

Жоғарыда баяндалғандарды ескере отырып, Кодексте елді мекендердің аумақтары шегінде жер қойнауын пайдалануға рұқсат беру рәсімі жеткілікті регламенттелген деп есептейміз.

Жалпы, жер қойнауын пайдалану мәселелері Үкіметтің тұрақты бақылауында.

Ә. Смайылов